

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 197ащ Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 75-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі 5-бағанының реттік нөмірі 3-жолы мынадай мазмұндағы и) тармақшасымен толықтырылсын:

"и) Банктік операциялар жүргізгені үшін екінші деңгейдегі банктерге комиссиялық алым төлеу";

2) көрсетілген қаулыға 87-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың кестесі 5-бағанының реттік нөмірі 3-жолы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Материалдар мен жабдықтар сатып алу жөніндегі келісім-шарттар құнының бөлігін төлеу".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі